

**4-апта (20-24 қыркүйек, 2021 жыл)
№9 «Балдырған» кіші топ**

Өтпелі тақырып: "Балабақша"

Апталық тақырып: "Балабақшадағы үлкендердің еңбегі"

Мақсаты: балалардың бойында балабақша, достық, татулық туралы түсініктерін дамыту, ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу арқылы танымдық қабілеттерін, ой- өрістерін кеңейте отырып, сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді дұрыс айтуға, қойылған сұраққа жауап беруге үйрету, бірлескен әрекетке қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері:

- дидактикалық ойындар арқылы тілдік қарым – қатынас дағдыларын, сөздік қорларын қалыптастыру;
- өз достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың танымдық қабілеттерін дамыту;
- балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру және шығармашылық әрекетті дамыту.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 20.09.2021 | Сейсенбі 21.09.2021 | Сәрсенбі 22.09.2021 | Бейсенбі 23.09.2021 | Жұма 24.09.2021 |
|--|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балалармен амандасу. Балалардың дене қызуын өлшеп, тазалықтары мен денсаулықтарын тексеру. Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу. Балалармен күнделікті таңертеңгі жұмыстар жүргізу. | | | | |
| Ата – аналармен кенес, әңгімелесу | Ата-аналармен амандасу. Демалыс күндері балалардың немен айналысқанын сұрау. Көңіл-күйін, қаншалықты кеш жатқанын білу. Күндеріне сәттілік тілеп кешке дейін қоштасу. | | | | |
| Ойындар (үстел – үсті, саусак және т.б) | Дидактикалық ойын: «Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. | Дидактикалық ойын: "Нені қайда қоямыз?" Мақсаты: Әр заттың өз орны бар екенін айтып түсіндіру. Балаларды ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | Үстел үсті ойыны "Құрылыс ойындарын ойнаймыз" Мақсаты: Құрылыс ойыншықтарымен таныстыру. Түстерін айтқызу. | Дидактикалық ойын: «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. | Дидактикалық ойын: «Сипап сезу арқылы санау» Мақсаты: Сипап сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. |
| Таңертеңгі жаттығу | Таңертеңгілік жаттығу кешені "Жалаушамен" | | | | |
| Таңғы ас | Дұрыс отырып, сөйлемей ұқыпты тамақтануға үйрету. Тамақты төкпей-шашпай, ұқыпты ішуге, тамақтанып болған соң алғыс айтуға үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылған оқу – қызметіне | Дидактикалық ойын: "Бұл не?" | Қимылды ойын: "Зымыраған көңілді" | Дидактикалық ойын: | Дидактикалық ойын: "Затты ал" | Дидактикалық ойын: "Жұбын тап" |

| | | | | | |
|--|--|---|---|--|--|
| дайындық | <p>Мақсаты: Балаларды көрсетілген заттар мен ойыншықтарды атап, айтып бере білулеріне үйрету.</p> | <p>добым" Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл - қозғалыстарын дамыту.</p> | <p>"Кім не істейді?" Мақсаты: Қажет сөздерді қолдана білуге үйрету.</p> | <p>Мақсаты: Балаларға тапсырманы тез әрі дұрыс орындауды үйрету.</p> | <p>Мақсаты: Бірдей заттардың жұбын табуға дағдыландыру. Ойлауын дамыту.</p> |
| <p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</p> | <p>1."Таным" Жаратылыстану Тақырыбы: «Ас атасы - нан» Мақсаты: Балаларға нан туралы ұғым беру. Нанның қасиеттерімен таныстырып, нанның қиқымын жерге тастамай, оны кастерлей білуге баулу. Нанның дастарханға қалай келетінін әңгімелеп, үлкендердің еңбегін құрметтеуге үйрету. Әдіс-тәсілі: көрстеу, түсіндіру, нан туралы ұғым беру, нанның қасиетін айту, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау. Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p> | <p>1."Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: «Мамам гүлдің бағбаны» Мақсаты: Балаларға үлкендер еңбегі туралы түсіндіріп, оларды құрметтеу керектігін айту. Би қимылдарын бірге орындауға үйрету Музыкалық ырғақты қимыл: Би: «Қуыршақпен би» 2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді бірге жүру» Мақсаты: Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. Отырып допты бір біріне домалату. Еденде жатқан бөренеден асып түсу. Өздігінен кедергілерден өте білуін дамыту.</p> | <p>1."Қатынас" Көркем әдебиет Тақырыбы: «Аспаз» Н.Әлімқұлов Мақсаты: Мамандық иелері туралы мағлұмат беру; өлең мазмұнын түсінуге және таныс сөздерді қайталауға үйрету, балабақшадағы аспаз еңбегін бағалауға тәрбиелеу. "Шығармашылық" Сурет салу Тақырыбы: «Күтуші орамалын әшекейлеу» Мақсаты: Топтағы күтушінің еңбегін бағалау, балалардың саусақтарының бұлшық еттерін, қол қимылдарының қозғалысын дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, мамандықтар туралы айту, күтуші еңбегін бағалау, сергіту сәті,</p> | <p>1."Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: «Мамам гүлдің бағбаны» Мақсаты: Үйренген әндерін сұрап, қайталау. Ойын ойнатып, би билету. Музыкалық ырғақты қимыл: Би: «Жапырақтар» 2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Таяқшадан аттап өт» Мақсаты: Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру «таяқшалардан аттап өт». Тапсырма арқылы жүгіру «торғайлар мен автомобильдер».</p> | <p>1."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балабақша» Мақсаты: Балабақшадағы үлкендердің еңбегі туралы түсіндірету. Берілген бағытта тәрбиешінің соңынан «шағын топпен жүру». Түрлі бағытта «шағын топпен » жүгіру. Қос аяқтап секіру. Допты қос қолмен домалату. 2."Таным" Құрастыру Тақырыбы: «Аспаздың құралы» Мақсаты: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, тәрбиеші ұсынған шарты бойынша 3 бөліктен тұратын қазанның суретін қағаздан кеңістікте дұрыс орналастыра</p> |

| | | | | | |
|---|--|---|---|---|--|
| | | | қорытындылау, мадақтау. Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер | | отырып құрастыра білуге үйрету. Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, қағазбен жұмыс жасау, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау. Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер |
| Серуенге дайындық | Балаларды киімдерін шашпай, ұқыпты өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне үйрету. Бір-біріне көмектесуге үйрету. | | | | |
| Серуен | 1. Бақылау: Күз мезгілін бақылау. 2. Еңбек: Ойын алаңындағы жапырақтарды жинату. 3. Қимылдық ойын: «Жалаушаға қарай жүгір». Мақсаты: балалардың жылдамдығын арттыру. 4. Жеке жұмыс: Ибрахимнен өткен өлең жолдарын сұрау. 5. Еркін ойын. | 1. Бақылау: Жолдағы көліктерді бақылау. 2. Еңбек: Құстарды бақылап, оларға жем беру. 3. Қимылдық ойын: «Маған қарай жүгіріңдер». Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалысын дамыту. 4. Жеке жұмыс: Сезімнен түстерді үш тілде сұрау. 5. Еркін ойын. | 1. Бақылау: Аспанды бақылау. 2. Еңбек: Ойын алаңын тазалау. 3. Қимылдық ойын: «Қақпан». Мақсаты: балаларды шашпандыққа үйрету. 4. Жеке жұмыс: Әлжаннан көп және аз ұғымдарын ажыратуға үйрету. 5. Еркін ойын. | 1. Бақылау: Ауа райын бақылау. 2. Еңбек: Ойын алаңындағы тастарды жинату. 3. Қимылдық ойын: «Жапалақ». Мақсаты: балаларды аңғарымпаздыққа үйрету. 4. Жеке жұмыс: Інжуден өзі білетін тақпағын сұрап,айтқызу. 5. Еркін ойын. | 1. Бақылау: Бұлттарды бақылау. 2. Еңбек: Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинау. 3. Қимылдық ойын: "Күн мен түн". Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу. 4. Жеке жұмыс: Шамильден көкөністер мен жемістер туралы сұрау. 5. Еркін ойын. |
| Серуеннен оралу | Өз беттерімен шешінулерін, сыртқы киімдерін ілгішке іліп қоюларын, киімдерін оңға айналдырып, сөрелеріне рет-ретімен жинауын үйрету, қадағалау. Беті қолдарын жуу, сабындау. | | | | |
| Түскі ас | Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру.Орындыққа өзі дұрыс отырып,тұру.Тамақты ұқыпты ішу, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Түстерің тәтті болсын! | | | | |
| | Балалардың ұйықтауына жағымды жағдай жасау | Жәй әуен ырғағымен, балаларды тәтті ұйқыға бөлеу. | Ертегі оқу арқылы ұйқыға жатқызу. | "Ауыл тышқаны мен қала тышқаны" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату. | Әуен ырғағымен тәтті ұйқыға жатқызу. |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шапалабы | Ұйқымызды төсек үсті жаттығулары арқылы ашамыз. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бесін ас | Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйрету.Ішіп болған соң алғыс айта білу дағдыларын дамыту. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет. | Балаларға "Бауырсақ" ертегісін үстел үстінде көрсету арқылы айтып беру. Ертегі арқылы тілдерін дамыту | "Біз көңілді қуыршақпыз" әнін балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға үйрету. | Доппен ойындар ұйымдастыру: бір-біріне жалғау, домалату. Ойынға барлық балаларды тарту. | "Балабақша арайлым" әнін балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға үйрету. | Балаларға "Шалқан" ертегісін фланеграф көрсету арқылы айтып беру.Ертегі мазмұнын сұрау. |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Сезімнен кимыл-қозғалысты дамыту мақсатында жаттығулар жасау. | Әлжаннан түстерді сұрау. | Рахманнан жыл мезгілдерін сұрау. | Інжуден өткен өлеңдерді қайталап айтқызу. | Шамильден апта күндерін қайталау. |
| Серуенге дайындық | Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету. Киіну кезінде бір-біріне көмектесе білулеріне, өзара мейірімді қарым-қатынастарына тәрбиелеу. | | | | |
| Серуен | <p>1. Бақылау:Күнді бақылау..</p> <p>2.Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр».</p> <p>Мақсаты:Тәрбиеші белгісі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындап,ойнай білуге үйрету.</p> <p>3.Еркін ойын.</p> | <p>1.Бақылау: Ересек адамдар іс-әрекеттерін бақылау.</p> <p>2.Қимылдық ойын: «Ақ коян».</p> <p>Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып,барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл - қозғалыстарын дамыту</p> <p>3.Еркін ойын.</p> | <p>1.Бақылау: Айналада жүрген құстарды бақылау.</p> <p>2.Қимылдық ойын: «Торғайлар мен мысық».</p> <p>Мақсаты: Тәрбиеші белгісі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындап,ойнай білуге үйрету.</p> <p>3.Еркін ойын.</p> | <p>1.Бақылау:Күзгі ауа-райын бақылау.</p> <p>2.Қимылдық ойын: «Маған қарай жүгіріндер».</p> <p>Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>3.Еркін ойын.</p> | <p>1.Бақылау:Желді бақылау.</p> <p>2.Қимылдық ойын: «Сұр көжек жуынып жатыр».</p> <p>Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып,барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл -қозғалыстарын дамыту.</p> <p>3.Еркін ойын.</p> |
| Балалардың үйіне қайтуы. | Ата-аналарға балаларының қарындашты дұрыс ұстауларына үйде де жұмыс жасауларын айту. | "Балабақша" тақырыбындағы тақпақты үйде де жаттатуды ата-аналарға айту. Мақсаты: тілдерін дамыту. | Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді өтіну. | Балаларға түстерді ажыра білуді үйден қадағалауды сұрау. | Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді айтып, демалыс күндеріне сәттілік тілеп қоштасу. |

